

ЖОБА

2025 жылдың 11 айында Маңғыстау облысы бойынша МӘСҚ-ДАН 55 330,9 МЛН.ТЕНГЕ ТӨЛЕНДІ

МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ (МӘСҚ) ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІНДЕ КӨЗДЕЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК КАТЕРЛЕР ТУЫНДАҒАН КЕЗ-ДЕ 2005 ЖЫЛДАН БАСТАП ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АЗА-МАТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ ҚОСЫМША ДЕНГЕЙІН ІСКЕ АСЫРАДЫ.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жү-йесінің қаржы ресурстары төлеу-шілер, яғни жұмыс берушілер қыз-меткерлері үшін, жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдар өзі үшін және басқалар төлейтін әлеуметтік аударымдар есебінен қалыптастырады. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу-шылар үшін әлеуметтік аударымдар мөл-шерлемесі 5%-ды құрайды. 2025 жылдан бастап жүйеге нысанасы жұмыстарды орын-дау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бо-йынша кіріс алатын жеке тұлғалар кірді. 2026 жылдан бастап жүйеге Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көз-делген шарттарға сәйкес келетін жеке тұл-ғалар танылатын өзін-өзі жұмыспен қам-тығандар үшін арнайы салық режимін (бұ-дан әрі – АСР) қолданатын адамдар кіреді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР

қолданатын жеке тұлғалардың осы ре-жим шеңберінде қызметті жүзеге асырған есепті айда алған кірісі олар үшін әлеу-меттік аударымдарды есептеу объектісі. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолданатын жеке тұлғалардың тө-леуіне жататын әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің 1% мөлшерінде бел-гіленеді.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін алынатын кіріс республи-калық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен және Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолдану үшін белгіленген шектен аспауға тиіс.

Республика бойынша міндетті әлеу-меттік сақтандыру жүйесіне шамамен 6,9 млн. жұмыс істейтін азамат қатысады жә-не 1,3 млн. астам адам жыл бойы МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдер алады.

Жүйе МӘСҚ-тан екі ұзақ мерзімді әлеу-меттік төлемді көздейді – қызметкер жал-пы еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайда, сондай-ақ ол қайтыс болған жағдайда – оның асырауында болған отбасы мүшелеріне тағайындалатын асы-раушысынан айырылу жағдайына әлеу-меттік төлем алады.

2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша МӘСҚ-тан Маңғыстау облысы бойынша 55 330,9 млн. астам теңге тө-ленді.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау бо-

йынша мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде барлық қажетті мәліметтер мем-лекеттік органдар мен ұйымдардың ақ-параттық жүйелерінен сұратылады. Осы-лайша тиісті төлемдерді алу үшін үйден шықпай-ақ, қағаз жүзіндегі құжаттарсыз онлайн режимде жүгінуге болады.

2025 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша МӘСҚ ұсынған электрондық фор-маттағы мемлекеттік қызметтердің үлесі 70%-дан асты. Бұдан басқа 2025 жылғы 15 қазаннан бастап әлеуметтік төлемдерді автоматты түрде тағайындау жөніндегі пи-лоттық жоба іске қосылды, оның негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімін бір жұмыс күніне дейін қысқарту және әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың негізгі кезеңдерін оңтайландыру есебінен процестердің ашықтығын арттыру.

Пилоттық жоба әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы ғана емес, тағайын-даудан бас тарту, төлем мөлшерін қайта есептеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімдерді автоматты түрде қабылдауды көздейтінін атап өткен жөн.

Екі ай ішінде жүйе Маңғыстау облысы бойынша 33 743 өтінішті қарады, оның ішінде 17 284 бойынша автоматты режимде оң шешімдер қабылданды. Сондай-ақ МӘСҚ міндетті әлеуметтік сақтандыру жү-йесі бойынша консультативтік-түсіндіру жұ-мыстарын жасауда. 11 айдың қорытындысы бойынша Маңғыстау облысында еңбек ұжымдары және халықпен 112 іс-шара, 2 «Ашық есік күні» іс-шараларын өткізіп, жеке және занды тұлғалардан келіп түсетін 823 өтініштерін қарады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«МКДСМ» ЖШС ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ, МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫНДА ЖАҢАОРПА-1 КЕН ОРНЫНДА ҚҰРЫЛЫС ТАСТЫ ӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН ТАУ-КЕН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫНА ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ ҚОРҒАУ БӨЛІМІМЕН ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТКІЗЕДІ.

Әсер ету аумағы: Жаңаорпа-1 кен орны Маңғыстау облы-сы, Маңғыстау ауданының жерлерінде әкімшілік тұрғыда орна-ласқан және Шетпе ауылына жақын елді мекенінен оңтүстік-шығысқа қарай 1 км қашықтықта орналасқан.

Кен орны орталығының географиялық координаттары:

1. 44° 07' 56,20"CE52° 11' 12,80"ШБ;
2. 44° 07' 56,00"CE52° 11' 19,10"ШБ;
3. 44° 07' 36,70"CE52° 11' 36,20"ШБ;
4. 44° 07' 23,50"CE52° 11' 41,40"ШБ;
5. 44° 07' 21,49"CE52° 11' 30,73"ШБ;
6. 44° 07' 27,34"CE52° 11' 23,79"ШБ;
7. 44° 07' 35,00"CE 52° 11' 19,70"ШБ;
8. 44° 07' 43,90"CE52° 11' 16,90"ШБ;
9. 44° 07' 50,20"CE52° 11' 11,00"ШБ.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін күні, уақыты және мекен-жайы: 26.02.2026 ж. жергілікті уақыт бойынша сағат 16:00-де, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы., Шетпе а., мәдениет үйі (конференция уақыты 1 сағат). Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM интернет-платформасында (<https://zoom.us>.) онлайн

режимінде өтеді.

Zoom арқылы конференцияға қосылу үшін сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/7783456446?pwd=f4sqG8clq9KgrnhNed4UzJxm8Ernb5.1&omn=72505687515>
Конференция идентификаторы: 778 345 6446.

Кіру коды: 6і8akf.

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «МКДСМ» ЖШС, БСН: 940340000590, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, а.о. Қызылтөбе. Бірлік тұрғын ауданы. Тел. +7 778 462 6660.

Жоба әзірлеушісінің мәліметтері мен байланыс деректері: «ЭКО Project» ЖШС, Ақтау қ., 17-шағын аудан, 7-үй, 308-пәтер, эл.пошта: tokshayev@mail.ru, тел. +7 778462 6660.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сайт-тан танысуға болады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/28410>, сараптама жүргізу жөніндегі мемле-кеттік орган: Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, электрондық пош-тасы: s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

Қосымша ақпарат пен құжаттардың көшірмелерін элек-трондық пошта арқылы алуға болады: tokshayev@mail.ru және телефон: +7 778 462 6660.

Хабарландыру

26.02.2026 Ж. САҒАТ 15.00-ДЕ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ, МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ, ШЕТПЕ АУЫЛЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ҮЙНДЕ «МКДСМ» ЖШС ЖАҢАОРПА-1 КЕН ОРНЫНДА ҚҰРЫЛЫС ТАСТЫ ӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН ТАУ-КЕН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫНА ЫҚТИМАЛ ӘСЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП БОЙЫНША АШЫҚ МӘЖІЛІС ТҮРІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗЕДІ.

Әсер ету аумағы: Жаңаорпа-1 кен орны, Маңғыстау об-лысы, Маңғыстау ауданының жерлерінде әкімшілік тұрғыда орналасқан және Шетпе ауылына жақын елді мекенінен оң-түстік-шығысқа қарай 1 км қашықтықта орналасқан.

Кен орны орталығының географиялық координаттары:

1. 44° 07' 56,20"CE52° 11' 12,80"ШБ;
2. 44° 07' 56,00"CE52° 11' 19,10"ШБ;
3. 44° 07' 36,70"CE52° 11' 36,20"ШБ;
4. 44° 07' 23,50"CE52° 11' 41,40"ШБ;
5. 44° 07' 21,49"CE52° 11' 30,73"ШБ;
6. 44° 07' 27,34"CE52° 11' 23,79"ШБ;
7. 44° 07' 35,00"CE 52° 11' 19,70"ШБ;
8. 44° 07' 43,90"CE52° 11' 16,90"ШБ;
9. 44° 07' 50,20"CE52° 11' 11,00"ШБ.

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда қоғамдық тың-даулар Zoom бағдарламасы арқылы өтеді. **Онлайн қосылуға сілтеме:** <https://us04web.zoom.us/j/7783456446?pwd=f4sqG8clq9KgrnhNed4UzJxm8Ernb5.1&omn=72114563728>

Конференция идентификаторы: 778 345 6446.

Кіру коды: 6і8akf

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «МКДСМ» ЖШС, БСН: 940340000590, Қазақстан Республи-касы, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе а.о., Бірлік тұрғын ауданы. Тел. +7 778 462 6660.

Жоба әзірлеушісінің мәліметтері мен байланыс де-ректері: «ЭКО Project» ЖШС, Ақтау қ., 17-шағын аудан, 7-үй, 308-пәтер, эл.пошта: tokshayev@mail.ru, тел. +7 778462 6660.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сайттан танысуға болады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/28410>, сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган: Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, электрондық поштасы s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

Қосымша ақпарат пен құжаттардың көшірмелерін элек-трондық пошта арқылы алуға болады: tokshayev@mail.ru және телефон: +7 778 462 6660.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК – УНИВЕРСИТЕТ ДАМУЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ

Халықаралық ынтымақтастық – білім беру саласында, соның ішінде ЖОО-ның арасындағы білім беру процесі мен өзара қарым-қатынасты дамытуда маңызды рөл атқарады. Елдер мен оқу орындары арасында білім, тәжірибе және ресурстар алмасу үшін түрлі мүмкіндіктер береді, бұл білім беру сапасын жақсартуға және жаһандық білім беру қауымдастығын дамытуға ықпал етеді.

Білім берудегі халықаралық ынтымақтастықтың жаһандық білім беру қауымдастығын қалыптастыруда орасан зор маңызы бар. Бұл студенттер мен профессорлардың білімі мен мәдени тәжірибесін байытуға, сондай-ақ әлемдегі білім беруді дамытуға ықпал етеді. Мемлекеттер мен оқу орындарының өзара әрекеттестігі әлемдік мәселелерді тиімдірек шешуге және болашақты құруға қабілетті білімді және ақпараттандырылған қоғамды қалыптастырады. Осындай мақсаттар мен бағдарларды жүзеге асыруда Маңғыстау өңіріндегі жоғары білім флагманы ретінде танылған Ш.Есенов универси-теті университеттің интернационалдандыру даму стратегиясын жолға қойған. Аме-рика ғалымы және Бостон колледжінің профессоры және Бостон колледжіндегі Халықаралық жоғары білім беруді зерттеу орталығының негізін қалаушы – Филип Дж. Альтбахтың айтуынша, «Интернационалдандыру – бұл университеттің жаһандандудың қажеттіліктеріне жауап беру және жаһандық өлемге араласуға мамандарды дайындау стратегиясы».

Ш.Есенов университетінің халықаралық ынтымақтастықты қалыптастырудағы негізгі пайымы(миссиясы) – халықаралық қатынастар мен серіктестіктерді дамыту арқылы Университеттің халықаралық деңгейге көтерілуіне ықпал ету, оны әлемдік білім беру кеңістігінде орналастыру болса, мақсаты – білім беру және ғылыми-зерттеу қызметінің тиімділігін арттыру, білім беру қызметі сапасының халықаралық стандарттарына сәйкес оқытушылар мен студенттердің мобильділігін кеңейту. Қазіргі уақытта университет 100-ден астам шетелдік білім беру ұйымдарымен меморандумдар мен келісімдер жасасты. Есенов университеті келесі қауымдастықтардың мүшесі:

- Каспий маңы елдерінің мемлекеттік университеттері қауымдастығы
- Жоғары оқу орындарының Еуропалық қауымдастығы
- Университеттердің Ұлы Хартиясы
- Мұнай инженерлері қоғамы
- ҚР жоғары оқу орындары қауымдастығы
- Жібек жолы елдері/университеттері және консалтингтік компаниялар қауым-дастығы.

Сондай-ақ Yessenov University-re халықаралық ғалымдарды шақыру студенттерге білім беруге халықаралық тәсілмен негізделген жаңа білім мен оқыту әдістері арқылы өз құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама YU-дің халықаралық деңгейге көтерілуін арттыруға, Болон процесін белсенді түрде енгізуге, университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, тартымды қоғамдық имиджді қалыптастыруға және студенттер мен оқытушылардың ағылшын тіліндегі академиялық, коммуникациялық дағдыларын дамытуға бағытталған. Осы бағытта АҚШ, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, Малайзия, Түркия, Италия, Нигерия, Ресей, Украина сияқты алыс-жақын шетелдерден шетелдік мамандар университет қабырғасында туризм, бизнес, тіл, жаратылыстану, басқару, ақпараттық жүйелер салаларында деріс береді. Сонымен қатар университет білім алушылары да академиялық ұтқырлық аясында Ш.Есенов Университеті арқылы шетелдік ЖОО арасында білім ала алады. Соның ішінде «Тарих және дәстүрлі өнер» кафедрасының студенттері Түркияның Нийде Омер Халисдемир университетінде 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында 19 студент білім алса, Польша мемлекетінің Познаньдағы Адам Мицкевич университетінде 1 студент академиялық ұтқырлық аясында білімін жалғастыруда.

Римма ЕРЕЖЕПОВА,

Ш.Есенов атындағы КТИУ-дың «Тарих және дәстүрлі өнер» кафедрасының аға оқытушысы.

Қосымша-1

«МАҢҒЫСТАУ-МЕДИА» ЖШС-ға ҚАРАСТЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТТЕРДЕ 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТ-НАСИХАТ МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖАРИЯЛАУҒА (ОРНАЛАСТЫРУҒА) АРНАЛҒАН ПРАЙС-ПАРАҒЫ

№	Басылым атауы	Өлшем бірлігі	Мерзімділігі	ҚҚС қоса алғандағы бағасы, теңге	Форматы
1	«Маңғыстау» облыстық газеті	см²	Аптасына 2 рет сейсенбі, бейсенбі күні шығады	500,00	D2
2	«Оғни Мангистау» облыстық газеті	см²	Аптасына 2 рет сейсенбі, бейсенбі күні шығады	500,00	D2
3	«Жаңа өмір» аудандық газеті	см²	Аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады	500,00	D2
4	«Жаңаөзен» аудандық газеті	см²	Аптасына 1 рет жұма күні шығады	500,00	D2
5	«Қаракия» аудандық газеті	см²	Аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады	500,00	D2
6	«Мұнайлы» аудандық газеті	см²	Аптасына 1 рет сейсенбі күні шығады	500,00	D2
7	«Ақкетік Арайы» аудандық газеті	см²	Аптасына 1 рет сейсенбі күні шығады	500,00	D2
8	«Рауан» аудандық газеті	см²	Аптасына 1 рет сейсенбі күні шығады	500,00	D2

Қосымша-3

«МАҢҒЫСТАУ-МЕДИА» ЖШС-ға ҚАРАСТЫ«OTRANNEWS. KZ» АҚПАРАТТЫҚ АГЕНТТІПІ САЙТЫНА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТ-НАСИХАТ МАТЕРИАЛДАРЫН ЖАРИЯЛАУҒА (ОРНАЛАСТЫРУҒА) АРНАЛҒАН ПРАЙС-ПАРАҒЫ

1. Сайтқа материалдар жариялау

№	Атауы	Бағасы, тг	Пікірлер
1.	Жаңалықтар бөліміне (бос орынды қоса есептегенде) 900 белгіге дейінгі қазақ және орыс тілдерінде автор мақаласы	15 000,00	келісілген, дайын мақала қабылданады
2.	Басты жаңалықтар бөліміне (бос орынды қоса есептегенде) 1 800 белгіге, 10 суретке дейінгі қазақ және орыс тілдерінде автор мақаласы	20 000,00	
3.	900 белгіге дейінгі (бос орындарды қоса есептегенде) жарнама мәтіні	12 000,00	
4.	1 800 белгіге дейінгі (бос орынды қоса есептегенде) жарнама мәтіні	15 000,00	
5.	Жарнамаға қосымша	5 000,00	word, excel, pdf форматында көлемі 500 мб аспайтын материалдар
6.	Басты жаңалықтар, жарнама бөліміне қазақ және орыс тілдерінде 1800 белгіге (бос орынды қоса есептегенде), 10 суретке дейін (мақала, жұмыс орындары жөнінде, өткізген іс-шара бойынша сұх-бат, жекелеген компаниялар мен ұйымдардың есебі)	30 000,00	журналистер мен фотограф-тардың қызметі бөлек бағаланады
7.	Жарнамалық фоторепортаж жариялау (20 сапалы суреттен аспауы тиіс)	25 000,00	
8.	Жарнамалық бейнерепортаж жариялау (ұзақтығы 2-10 минуттан аспауы тиіс)	30 000,00	
9.	Электронды баннер (басты бетке, 1 күнге)	20 000,00	

2. Әлеуметтік желілерде жариялау

№	Атауы	Бағасы, тг
1.	Фото мен дайын макетті жариялау	30 000,00
2.	Макетті дайындау	20 000,00

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА арналған

ТЕЛЕФОН:
20-48-42